

К.Ә.Байтөреева

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент (E-mail: baitureyeva@mail.ru)

Ғаламдану кезеңіндегі ұлттық мәдениеттің даму мәселелері

Мақалада ғаламдану кезеңіндегі ұлттық мәдениеттің даму жағдайына және ғаламданудың ұлттық мәдениетке тигізетін ықпалына талдау жасалынды. Соңғы кезеңдегі ғаламдық үрдістер адамзат өмірінің барлық салаларына деңгейлеп еніп, мәдени өміріне де ықпал жасап отыр. Осы орайда ұлттық мәдениетті сақтап, ары қарай дамыту, халықтың ұлттық құндылықтарын сақтап қалу бүгінгі таңның өзекті мәселесіне айналып отырғаны шындық. Қоғамның ғаламдануы негізінде құндылық, мәдениет, мораль салаларында түбегейлі өзгерістер жүреді. Ал бұл өз кезегінде барлық мемлекеттің қауіпсіздік мәселесіне қауіп төндіріп отырған күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Кілт сөздер: ғаламдану, ғаламдық үрдістер, ұлт, мәдениет, ұлттық даму, мәдениет ықпалдастығы, интеграция.

«Ғаламдану» термині латынның «глобус — Жер, Жер шары» деген сөзінен шыққан, яғни қандай да бір үдерістердің жалпы ғаламдық сипатын білдіреді. Яғни ғаламдану қазіргі кезеңдегі адамзат дамуының бірыңғай жүйесіне еніп, ортақ әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси сипаттарға жіктелуінен көрінеді.

«Ғаламдану» термині 1990 жылдың ортасынан бастап 1996 жылғы Давоста өткен Бүкіләлемдік экономикалық форумның XXV сессиясынан кейін кең түрде қолданыла бастады.

2000 жылы БҰҰ шеңберінде мыңжылдық саммитінде мыңжылдық Декларациясы қабылданып, ғаламдануды барлық әлем халықтары үшін позитивті факторға айналдыру ұйғарылды.

Мәдениеттің ғаламдануы бойынша төмендегі мәселелер жетекші орындарға шығып отыр:

- білім берудің түрінің, мазмұнының, әдістерінің өзгеруі;
- жаңа этика элементтерінің қалыптасуы;
- мемлекеттің ғылым мен мәдениет саласындағы ынтымақтастық мәселесіндегі ролі;
- ғаламдық және ақпараттық кеңістік жағдайындағы бұқаралық мәдениеттің таралуы: позитивті және негативті ағымдар;
- ұлттық-мәдени даму мәселесі және мәдениеттің өзара ықпалдастығы.

Ғаламдануға қатысты туындайтын, XXI ғасырдың күн тәртібіне ұсынылып отырған маңызды мәселе мәдениеттің ғаламдануы төңірегінде қазіргі таңда ғалымдар арасында өткір пікірталастар туындатып отыр. Ғаламдану мәселесіне қатысты көзқарастар әлі күнге дейін бір арнаға тоғытылмаған, шешімін таппаған дүние болып отыр.

XXI ғасырдың басында халықаралық қатынастар жүйесінде және халықаралық қатынастар теориясын зерттеп жүрген ғалымдар еңбегінде ғаламдану идеясына көп көңіл бөлінуде, (демографиялық мәселелерге, экологиялық мәселелерге, азық-түлік қауіпсіздігіне, энергетикалық мәселелерге қатысты). Яғни, ғаламдану идеясы негізінде, дүниежүзілік дамудың ішкі үйлесуі мен мемлекеттердің географиялық-территориялық шекаралық аумағы мен одан сыртта жатқан әлемдік кеңістікке бағытталған саяси, экономикалық, білімдік, ақпараттық, мәдени, ғылыми қозғалыстардың өзара ықпалдасуы жатыр.

Оның басты адамзат күткен мақсаты — әлемдік қоғамдастықты ізгілендіре, демократияландыра, экономикалық қуаттандыра түсу. Бұл бірінші мәселелік жағдайды батыстың және ресей мен отандық саясаттанушылар, әлеуметтанушылар еңбектері негізінде осы идеялардың астарын, маңызын, оң және теріс бағыттарын қарастыру маңызды.

Батыстық саясаткерлер мен ғалымдардың пікірінше, аймақтардың, мемлекеттердің, халықтардың әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси айырмашылықтарына, өзгешеліктеріне қарамастан, бірыңғай ортақ өркениеттік кеңістік, жаңа планетарлық ортақ ой-тұжырымдар заман талабынан туындап отырған қажеттілік деп түсіндіріледі.

Атап айтқанда, ғаламдық үрдістерге бейімделу, осы құбылысты дәріптеу «постиндустриалдық қоғамның» тұжырымдамаларында, американдық әлеуметтанушы, саясаткерлер Д.Белл, З.Бжезинский, Э.Тоффлер және тағы басқалардың еңбектерінде дәйектеледі [1–3].

Бұл жөнінде танымал, саясаткер, әлеуметтанушы, Колумбия университетінің профессоры 1977–1981 жж. аралығында АҚШ президентінің ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңесшісі З.Бжезинский АҚШ бастаған әмбебап әлемдік жүйенің құрылу идеясын дамытады [4].

Американдандыру идеясын батыс ғалымы Бергер төмендегідей түрде дамытады: оның ойынша, «давос мәдениеті» негізінде Латын Америкасынан бастап Шығыс Азияға дейін «яппи (*yuppie*) интернационал» (*young urban professional*) өкілдерін, яғни бизнеске қол жеткізу үшін барлығына дайын, қолайлы тұтынушылық философияны ұстанатын өкілдерді, көбейту [5]. Бергер сонымен қатар «мәдени империализм» идеясын ұсынады, бұл халықаралық ғылыми және мәдени бағдарламалардың батыс тарабынан белсенді қаржыландырылуы.

Жалпы батыс ғалымдары ғаламдық мәдениетті А.Аппадурай енгізген [6] бес кеңістіктен тұратын: этникалық, технологиялық, қаржылық, электронды, идеологиялық құбылыс деп түсіндіреді. Терминологиялық жағынан ол этноскейп, техноскейп, финанскейп, медиаскейп және идеоскейп деп қарастырылады.

Ғаламдық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі ретіндегі *этноскейп* — бұл миграциялық ағымдағы қауымдастық өкілдері. Олардың қатарына туристер, мигранттар, босқындар, шетел жұмысшылары кіреді. Олар ғаламдық мәдениет ұқсастығының өзегін құрайды.

Ғаламдық мәдениеттің екінші құрамдас бөлігі — *техноскейп* — бұл ғаламдық мәдениеттің техникалық, ақпараттық бөлігі. Техноскейп арқылы жалпы планетарлық деңгейде әрбір тұлға мәдени кеңістікке қатыса алады, Интернет, бұқаралық ақпарат көздері арқылы ақпарат ала алады.

Медиаскейп арқылы тұлға, мемлекет бейнелері сомдалып, бұл ақпараттық соғыстарға әкеліп соғады.

Идеоскейп арқылы — мемлекет идеологиясына, саяси идеяларға байланысты құрылатын кеңістік. Бостандық, адам құқығы, егемендік, демократия ұғымдары арқылы тұлға санасына қашықтықтан ықпал ету құралдары.

Батыстың мәдени экспансиясы халықаралық құжаттарда мәдени империализм ретінде жиі анықталады. Әдетте «мәдени империализм» ұғымы шетелдік мәдениеттің құндылықтары мен ғұрыптарын өзге ұлттың мәдениеті есебінен тарату мен көтеру үшін саяси және экономикалық билікті қолдану деп түсіндіріледі. Ал мәдениет саласының өз ішінде мәдени империализмнің негізгі белгілеріне төмендегілер жатады:

1. Батыстық қоғамға тән өмір тәртібі мен тұтынушылық бағдарларды көшіру.
2. Өзге мәдениеттердің үлесін ескермей, әмбебап деп сипатталатын батыстық мәдениетті енгізу.
3. Мәдени байланыстар арқылы саяси мақсаттарға жетуге ұмтылу.
4. Ақпараттың біржақты ағымы — «орталықтан» «шеткеріге» (периферия), яғни коммуникация мен бұқаралық ақпарат құралдары және көңіл көтеру индустриясы саласындағы ірі батыстық компаниялардан өзге елдердің сан мыңдаған аудиториясына, қарай ағуы.
5. Батыстық бағдарды бекітуге жағдай жасайтын және буржуазиялық Батыс ықпалының сүйеніші болатын жергілікті әлеуметтік-мәдени элитаны қалыптастыру.

Неміс ғалымдары Кельнер, Зофнер еңбектерінде мәдениеттің ғаламдануы нәтижесінде англицизмнің енуі орын алып отыр деп алаңдатушылық тудырады [7].

Ал, ресейлік ғалымдардың ғаламдану үрдісіне деген күмәндары басымырақ. А.С.Панарин, «ғаламдану, баламасы жоқ табиғи-тарихи шынайылық емес, біздің заманымыздың пайдалы элитарлы жобасы болып табылады» [8] деп жазған болса, А.Г.Дугин пікірінше, «ғаламдану барлық елдер мен мемлекеттерге батыстық экономикалық, саяси, мәдени, технологиялық және ақпараттық кодын зорлап енгізу» [9]. В.Расторгуев: «Лидер мемлекеттер ғаламдану арқылы бөтен қорларды игеру үшін жаңа координаттарға ие болуға ұмтылуы», — деп тұжырымдайды [10].

Ғаламданудың қарсыластары мәдениеттің ғаламдануын, халықтар арасында ақпарат алмасудың кеңеюі Интернет торабының дамуы (*саясатқа ықпалы 2011 ж. «араб көктемі» кезіндегі Фейсбук арқылы жастардың алаңға шығуы*), дүние жүзінде батыс өнерінің, әсіресе кинофильмдердің дәріптелуі, халықаралық туризмнің өсуін американдық үстемдіктің орнауы деп қарастырады.

Жоғарыда айтылған мәселе шеңберінен, біздің тақырыбымызға қатысты заңды мәселе туындайды: «Мәдениеттің ғаламдануы деген қажетті, оң бағыттағы ағым ба жоқ әлде ұлттың дамуына, ұлттың салт-дәстүріне зиянын тигізетін, теріс пиғылдағы құбылыс па?» деген.

Зерттеулер көрсеткеніндей, мәдениеттің ғаламдануы міндетті түрде бірыңғай (біртұтас) мәдениет құруды білдірмесе де, космополитті және өзімен мәдени біркелкілікті, бұқаралықты, ұлттық мәдениеттердің, әсіресе әлемдік аренада бекіп үлгермеген басым емес мәдениеттердің шекараларын

жою үрдісін енгізеді. Мұндай жағдайларда мәдени ғаламдану қауіп-қатерге айналуы мүмкін. Бірақ бұл ғаламдануды теріске шығаруды білдірмейді, ал сайып келгенде, оған сын көзбен қарауды және ықтимал түзетулер жасауды мегзейді. Осыған байланысты, жаһандану ретсіздігін бақылау тетіктерінің біріне мәдениеттердің өзін-өзі танытуы, яғни олардың өзіндік ерекшеліктерін, қайталанбас өзгешеліктерін көрнекілеуі жататыны, кездейсоқ емес.

Дегенмен, жоғарыда айтылған ой-пікірлер біз ғаламдық мәдениеттен бой тасалап, оны тек жағымсыз құбылыс ретінде қабылдауымыз дұрыс деген пікірлерді жақтамайды. Керісінше, қазіргі өркениетке тән құбылыстардың барлығын меңгеріп, ғылыми-техникалық прогрестерді игеруге құлшыныс танытуға талпыныс қажет.

Себебі дүниенің тұтастығы, қоғамның интеграциялық негізі және этностың рухани кеңістік мәдени дәстүрлердің дамуында ең басты факторлар болып қала береді. Бұл үш дәрежеде жүзеге асырылады:

Мәдениетті, оның базистік негіздерін сақтау.

Мәдениетті жаңғырту, мәдениеттің дамуына жаңаша ықпал ету.

Мәдениетті трансляциялау, немесе мәдениет әлемін халықтың игілігіне айналдыру.

Бұл үш дәреженің арқасында мәдениеттің сандық-салалық (ғылым, техника, өнер, философия, экономика, тағы басқалары) сапалық сипатын тереңірек ашып көрсетумен қатар, мәдениеттің құрылымын, тұтастығын, даму заңдылықтарын ашып көрсетуге мүмкіндік аламыз.

Мәдени ғаламдану үдерісін, ұлттық мәдениетпен ұштастыра қолдана білсек, сонда ғана оның теріс жақтарынан қорғанып, тиімді жақтарын өз бойымызға сіңіре аламыз. У.Айымбетова тұжырымдағандай: «Әдетте қоғамдағы мәдени өзара диалог этноәлеуметтік кеңістікте пәрменді жүзеге асып жатқанда ғана, ондағы әр түрлі халықтардың, діндердің өзара жақындасуы, түсінісуі жүзеге аса бастайды, олар бір-бірін өзара мәдени байытуы мүмкін, ал өзіншілдікке, тұтынушылыққа негізделген қатынастар өз кезегінде бұл әлемді құлдыратады, субъектілердің өзара қатынастарын алыстатады» [11].

Бірінші мәселені аяқтай келе жалғасы ретінде екінші мәселеге — ұлттық-мәдени даму мәселесі және мәдениеттің өзара ықпалдастығына көшетін болсақ, мұнда қазіргі заманғы институттардың барлық халықтардың мүдделерін ескере бермейтінін мойындауға тура келеді. Кеңінен қанат жая бастаған жаһандану әлсіз мәдениеттерді немесе азшылық мәдениеттерді өздерінен күшті мәдениеттермен қақтығыста жеңіліске ұшырататыны даусыз.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында ғаламдану үрдісіне тән келеңсіз құбылыстардың бірі «тұтынушылар қоғамы» пайда болып, жастар осы құбылысқа еліктеп келеді. Бұл құбылыс, негізінен, сана сезімді тұмшалап, адамгершілік, эстетикалық сезімдерді өшіріп, азаматтық, өзінділік сияқты сезімдердің қалыптасуына тосқауыл қойып отыр.

Адамзат тарихы мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы айырмашылықтардың көбіне жанжал мен зорлық-зомбылықты ақтау үшін себеп ретінде пайдаланылғанын айғақтайды. Өкінішке қарай, бүгінгі заманның да тұрақты еместігін, керісінше, одан сайын ушыға түскенін амалсыз мойындауға тура келеді.

Г.А.Андреева адамның биологиялық, әлеуметтік және мәдени мәнінің үш тұғырлы сипатын көрсете келе, мәдени құрамдас бөлігі ғана адамның бойында шынайы адамгершілікті қалыптастыратынын атап өткен [12].

Ал, танымал француз әлеуметтанушысы Г.Лебонның пікірінше, «адамгершілікті сіңірмеген тұлға өркениет сатысы арқылы алғашқы қауымдық варвар деңгейіне бірақ түсуі мүмкін» [13].

Мұндай әлеуметтік жағдайда, ең алдымен, балғын жастар еліктеушілік сипатқа бой ұрындырып, өзіндік сипатын, ерекшелігін, халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, мұра ретінде тастап кеткен асыл қазынасын жоғалтып алуы және американдық психолог А.Маслоу «Ион күмәні» деп атап өткен сезімге бой ұрындыруы мүмкін. А.Маслоу бойынша, «Ион күмәні» бұл «өз тағдырынан бас тартып», «өзіндік ерекшелігінен бой тасалау» болып табылады [14].

Сондықтан да осы бір келеңсіз құбылыстардан жастарды, тұлғаны бой алдырту үшін, ұлттық сана-сезімімізді сақтау үшін, білім беру үрдісінде ұлттық сана-сезімді сіңірту үшін, ұлттық келбетті сақтап қалу үшін, оқыту үдерісінде халықтық мәдениетті дәріптеу арқылы, болашақ ұрпақты тәрбиеге баулу — аса маңызды, қажетті дүние.

Қайсыбір ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады. «Салт-дәстүр, — дейді белгілі философ Гердер, — тіл мен мәдениет бастауларының анасы» [15]. Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі

болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады. Ал салт-дәстүрлерге Ғұзыхан Ақпанбет мынандай баға береді «Олар — терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі». Ғасырлар бойы күнделікті іс-тәжірибе негізінде сұрыпталған жазу-сызу мен азаматтық қоғам әлі жоқ кезде қалыптасқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар мәдени мирасқорлықтың жалғыз мүмкіндігі болды. Ескі ырымдар мен әдет-ғұрыптардан надандық, анайылықты емес, қазіргі ұлттық мәдениеттердің архетипін аңғарған жөн. Кез келген ұлттық мәдениеттің негізі мен ділін, ондағы адамгершілік қасиеттер мен дүниетанымды ұғыну үшін мәдениеттің тағы бір түп-тамыры дінге жүгіну қажет [16].

Қытай халқының атақты философы Конфуций да (б.э.д. 551–479 жж.), халық тәрбиесінің мәніне үңіліп, антропоцентризммен, яғни, адамды ғаламдық ғимараттың кіндігі және ең жоғарғы мақсаты деп білетін көзқараспен айқындайды [17]. Конфуцийдің ой-пікірінің негізгі мазмұны табиғат заңдарына сәйкес келетін, адамдардың бірлесіп өмір сүруіндегі парасатты реттілікті, тәртіпті қамтамасыз етудің аса маңызды шарттары болып табылатын қарапайым да ғаламат зор 5 ізгілікті ұғындыруға арналған.

Конфуцийдің саяси-этикалық маңызды ұғымы — адамшылық, адамның әділ, ажкүрек болуы (жэнь). Ұлдың кішіпейіл болуын, ата-ананы, жалпы, үлкен кісілерді сыйлап жүруін анықтайтын «сяо» тұжырымдамасы да осы қатарда. Ол «текті ерлерді» (цзюнь цзы) шешімді түрде «ұсақ пенделерге» (сяо жэнь) қарсы қойып отырған».

Осы тұрғыдағы көзқарасты ежелгі грек философы Аристотель жалғастыра отыра, атақты «Саясат» трактатында «балаларды еркін туған адамның қадір-қасиетіне сәйкес келмейтін барлық нәрседен тыс ұстау керек» деген көзқарасты дамытады [18].

Ойшылдардың тұжырымдарына талдау жасай келе, автор ХХІ ғасыр бейіміне негізделген ғаламдану құбылысының қажетті жағын негізге алып, тылсым, түсініксіз, ел болашағына балта шабады-ау деген жақтарынан жастарды аластату мәселесінде отбасы, білім мекемелері, мемлекет тарапынан жасалатын жастарға қатысты саясат бағыттарында жетекші идея ретінде ұстанған маңызды деп санайды.

Жеке тұлғаның рухани байлығы ең алдымен сол адамның тікелей өз халқының рухани байлығының бөлшегі деп есептейді Сухомлинский. Сонымен қатар ол былай деп жазады: «Қалыптасу үстіндегі адамның ақыл-ойы халықтың идеологиясы мен психикасын, оның нанымын, дәстүрлерін, интеллектуалдық, моральдік және эстетикалық мәдениетін өз бойына сіңіреді» [19].

Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі жастар тұлғасын қалыптастыруда ұтымды қолдану — уақыт талабы. Осы міндеттерді жүзеге асыруда, ең алдымен жастарды ұлттық мәдениет арқылы тәрбиелеп, халықтық тәрбие арқылы адамгершілік нормаларын сезіндіру айрықша қажет.

Этнос пен ұлт деңгейлері үшін жоғарыда айтылған факторлармен қоса, сондай-ақ халықта өзінің халықтығын, арын, абыройын, қолда барын (кей мағынада — жерін, елін, малын, қазынасын т.б.) қорғай да, сақтай да, қастерлей де білуге жетелейтін, мәжбүр ететін, көмектесетін рух та, намыс та, мерей де болуы шарт [20].

Мәдениеттің ғаламдануы жағдайындағы қазақ халқының мәдени дамуының болашағы негізінен халықтың өз мәдениетіне деген көзқарасынан, оны аялап сақтап қалуға деген ұмтылысынан, оның мәдени құндылықтарын, мұраларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізе білуге деген құлшынысынан айқындалмақ.

Сондықтан да «Ғаламдану кезінде бізді алда не күтіп тұр?» деген сұрақтарға жауап іздеп әуре болмай, болашақ өз қолымызда екенін жадыда сақтап, төл мәдениетімізді, халықтық ерекшеліктерімізді сақтап қалуды жалпы халықтық идея ретінде ұғынғанымыз жөн.

Жалпы, ұсынылып отырған мақаланы қорытындылай келе, төмендегілерді ерекше көрсетуге болады.

Космополитті және өзімен мәдени біркелкілікті, бұқаралықты, ұлттық мәдениеттердің, әсіресе әлемдік аренада бекіп үлгермеген басым емес мәдениеттердің шекараларын жою үрдісін енгізуі мүмкін, мәдени ғаламдану қауіп-қатерге айналуы мүмкін.

Сондықтан да мәселенің ерекшелігіне байланысты мемлекеттік деңгейде басым бағыт — мәдени саясат нысаналы түрде жүргізілгені маңызды.

Осы бағыттағы нақты қадамдар білім беру үрдісінде де кеңінен қолданыс табауда. Мұны Президенттің «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасындағы идеясын жүзеге асыра отыра, тәрбие мәселесіне, оның ішінде ұлттық тәрбиеге көңіл аударуымыз қажет.

XXI ғасырда әрбір қоғамның өскелең ұрпақ үшін алаңдап, оның тәрбиесіне ден қоюы — қажетті дүние. «Ел боламын десең — бесігінді түзе» деген халық даналығына сәйкес, болашақта елдің тұтастығын сақтап, әлемдік деңгейдегі жетекші мемлекет қатарына жеткізу болашақ ұрпаққа байланысты.

Бұл қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Еліміздің географиялық орналасуы мен ұлттық-этникалық ерекшелігіне орай оқушыларға халықтық дәстүрге негізделген бабалар рухына сай тәрбие жүйесін құру қажеттілігі қазақстандық білім саласының маңызды проблемаларының бірі ретінде саналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Bell D. *Coming of the Postindustrial Society: A Venture in Social Forecasting*. — New York: Basic Books, 1973. — 357 p.
- 2 Brzezinski Z. *Grand Chessboard: American Primacy and Its Geostrategic Imperatives* // *Misses Review*. — 1998. — № 4(4). — 256 p.
- 3 Тоффлер Э. Шок будущего. — М.: ООО Изд-во «АСТ», 2002. — 557 с.
- 4 Бжезинский З. Стратегический взгляд: Америка и кризис глобальной силы. — М.: Изд-во «АСТ»; «Астрель», 2013. — С. 19.
- 5 Бергер П. Культурная динамика глобализации // Многоликая глобализация. Культурное разнообразие в современном мире / Пер. с англ. В.В.Сапова; под ред. М.М.Лебедевой. — М.: Аспект Пресс, 2004. — С. 10.
- 6 Appadurai A. *Modernity at Large. Cultural Dimensions of Globalization*. — London: Minneapolis, 1996. — 38 p.
- 7 Кельнер Х., Зофнер Х.Г. Культурная глобализация в Германии. — М.: Аспект Пресс, 2004. — С. 215.
- 8 Панарин А.С. Глобальные деконструкции как новейшая стадия развития нигилизма // *Полигнозис*. — 2003. — № 3. — С. 36.
- 9 Дугин А.Г. Тезисы о глобализме (глобализации) // *Глобализация: сущность, проблемы, перспективы*. — М., 2003. — С. 31.
- 10 Расторгуев В.Н. Глобализация на руинах глобализма // *Логика метаисторического времени*. — М.: Изд-во «Социально-политическая мысль», 2004. — С. 137.
- 11 Айымбетова У.У. Ұлтаралық қатынас мәдениеті: мәдени философиялық талдау: Филос. д-ры ... дис. — Алматы, 2013. — 10-б.
- 12 Андреева Г.М. Социальная психология: Учеб. для высш. шк. — М.: Аспект-Пресс, 1999. — С. 148.
- 13 Лебон Г. Психология народов и масс. — СПб.: Макет, 1995. — С. 96.
- 14 Maslow A. *Neurosis as a Failure of Personal Growth* // *Humanitas*. — 1966. — Vol. III. — P. 89.
- 15 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. — М.: Наука, 1977. — С. 252.
- 16 Ақпанбек Ф. Қазақтардың дүниетанымы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1993. — 36-б.
- 17 Малявин В.В. Конфуций. Сборник изречений Конфуция и тексты памятников конфуцианской педагогической мысли. — М.: Амонашвили, 1996. — С. 97.
- 18 Лосев А. Ф., Тахо-Годи А.А. Платон. Аристотель. — М.: Молодая гвардия, 1993. — С. 177.
- 19 Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. — М.: Педагогика, 1979. — Т. 1. — С. 33.
- 20 Бабакумаров Е., Жансугурова Ж., Кушалиева Г.А. Устойчиво ли развитие Казахстана? (Оценка потенциала напряженности в обществе по результатам социологического опроса). — Алматы: ИРК, 1996. — С. 18.

References

- 1 Bell D. *Coming of the Postindustrial Society: A Venture in Social Forecasting*, New York: Basic Books, 1973, 357 p.
- 2 Brzezinski Z. *Misses Review*, 1998. 4(4), p. 256.
- 3 Toffler E. *Future Shock*, Moscow: Publ. «AST», 1970, 557 p.
- 4 Brzezinski Z. *Strategic view: America and the Crisis of Global Power*, Moscow: Publ. «AST», «Astrel», 2013, 288 p.
- 5 Berger P. *Cultural Dynamics of Globalization*, Moscow: Aspekt Press, 2004, 10 p.
- 6 Appadurai A. *Modernity at Large. Cultural Dimensions of Globalization*, London: Minneapolis, 1996, p. 38.
- 7 Kellner H., Hofner H. *Cultural Globalization in Germany*. Moscow: Aspekt Press, 2004, p. 215.
- 8 Panarin A.S. *Polignosis*, 2003, 3, p. 36.
- 9 Dugin A.G. *Globalization: essence, problems and prospects*, Moscow, 2003, p. 31.
- 10 Rastorgouev V.N. *Logic metahistorical time*, Moscow: Socio-Political Thought, 2004, p. 137.

- 11 Aymbetova U.U. *Culture of international relations: cultural and philosophical analysis, PhD thesis, KazNU, Almaty, 2013, p. 10.*
- 12 Andreeva G.M. *Social psychology. Textbook for high school, Moscow: Aspect-Press, 1999, p. 148.*
- 13 Lebon G. *Psychology of Peoples and the masses, St. Petersburg: Layout, 1995, p. 96.*
- 14 Maslow A. *Humanitas, 1966, III, p. 89.*
- 15 Herder I.G. *Ideas to the philosophy of history, Moscow: Nauka, 1977, p. 252.*
- 16 Akpanbek G. *The Outlook Kazakhs, Almaty: Kazak universiteti, 1993, p. 36.*
- 17 Maljavin V.V. *Ana Confucius and Confucian texts monuments educational thought, Moscow: Amonashvili, 1996, p. 97/*
- 18 Losev A.F., Tahoe-Godi A. *Platon. Aristotle, Moscow: Molodaya gvardiya, 1993, p. 177.*
- 19 Sukhomlinsky V.A. *I give my heart to children, Moscow: Pedagogy, 1979, 1, p. 33.*
- 20 Babakumarov E., Zhansugurov J., Kushaliev G. *Do stable development of Kazakhstan? Assessment of the potential tension in the society according to the results of a sociological survey, Almaty: IRK, 1996, p. 18.*

К.А.Байтұреева

Проблемы развития национальной культуры в эпоху глобализации

Статья посвящена анализу развития национальной культуры в период процесса глобализации и его влияния на культуру. Отмечено, что в настоящее время глобализационные тенденции проникают в различные сферы человеческой деятельности и оказывают все более значительное влияние на культурные аспекты современной жизни. В этом контексте, как подчеркивает автор, актуальна проблема сохранения и развития национальной культуры и этнической идентичности. Определено, что глобализация влечет значительные изменения в сфере духовности, культуры и морали, что требует пристального внимания к мерам по сохранению этнокультурной самобытности народа а также безопасности любого государства.

С.А. Baytureeva

Problems of development of national culture in the era of globalization

This article analyzes the development of the national culture in the age of globalization and its impact on culture. Currently, globalization trends penetrate into various spheres of human activity and having an increasingly significant impact on the cultural aspects of modern life. In this context, the urgent problem of preservation and development of national culture and ethnic identity. Globalization entails significant changes in the field of spirituality, culture and morality. This requires attention to conservation measures ethno-cultural identity of the people as well as the security of any states.